



Автор: Маханбетова Гулайша Данахметовна
Пән: Жаратылыстану
Сынып: 1-сынып
Бөлім: Өсімдіктер
Тақырып: Өсімдік бөліктері

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату 1 .1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Өсімдік бөліктерін атап, олардың қызметін әңгімелейді. Көптеген оқушылар: өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажыратып көрсетеді. Кейбір оқушылар: Өсімдік тұқымынан қалай өніп шығатынын түсіндіреді.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Өсімдік бөліктерін атап, олардың қызметін әңгімелей алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Тамыр, гүл, сабақ, жапырақ, жеміс, тұқым. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: -Егер өсімдіктің тамыры мен сабағы болмаса, не болар еді? -Жемістердің ішінде не болады? -Түрлі өсімдіктердің тұқымдары мен жемістері бір-бірінен несімен ерекшеленеді? -Өсімдіктің гүлінің орнында не пайда болады? -Тұқым қалай өнеді? -Тұқым ылғал мақтада өсе ме?
Күтілетін нәтиже:	Өсімдік бөліктерін атап, олардың қызметін әңгімелейді. өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажыратып көрсетеді. Өсімдік тұқымынан қалай өніп шығатынын түсіндіреді.
Бағалау критерийлері:	Өсімдік бөліктерін атайды. Олардың қызметін әңгімелейді.
Құндылықтарды дарыту:	Қоршаған ортаны қорғау, айналадағыларға қамқорлық көрсету, өз пікірін дәлелдей білу қабілеттерін дамыту.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Бейнежазба, слайд
Пәнаралық байланыс:	Сауат ашу, дүниетану.
Бастапқы білім:	Өсімдіктердің кейбір бөліктері туралы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ынтымақтастық ахуал шаттық шеңберінде «Менің сүйікті жемісім» әдісімен жүзеге асады. Өсімдік бөліктері суреттерін таңдай отырып, «Тамыр», «Жапырақ», «Сабақ» «Жапырақ» топтарына бөлінеді. «Миға шабуыл» әдісі арқылы оқу мақсаттары ашылады. -Топтардың аты қандай? Ол туралы не білеміз? -Осыдан қандай қорытынды шығарамыз? -Бүгінгі сабақтағы мақсатымыз не болмақ?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>(Т) 1-тапсырма «Көрсет және ата» әдісі арқылы іске асады. Оқулықта берілген өсімдік бөліктерінің суретін көрсете отырып, атауын айтыңдар. Дескриптор: Өсімдік бөліктерінің суретін көрсетеді, атауын атайды. Саралаудың «Қарқын» тәсілі көрінеді. Қарқынды оқушыларға тапсырма беріледі: -Өсімдіктің тамыры мен сабағы болмаса, не болар еді? Қарқыны баяу оқушыларға қосымша уақыт беріледі. ҚБ: «Көкөністер» әдісі арқылы алынады. Қарбыз - Өсімдік бөліктерінің суретін көрсетіп, атауын атай алса. Қауын - Өсімдік бөліктерінің суретін көрсетіп, атауын атауда көмек қажет етсе. Асқабақ - Өсімдік бөліктерінің суретін көрсетіп, атауын атауда қиналса. (Т) 2-тапсырма «Салыстыр» әдісімен өтеді. Оқулықтағы мәтінді оқып мазмұнынмен таныстыру. Суреттегі өсімдіктердің атын ата, олардың бөліктерін салыстыр. Қорытынды жаса. Есіңе сақта! Дескриптор: Өсімдіктерді атайды, бөліктерін салыстырып қорытынды жасайды. Саралаудың «Тапсырма» тәсілі көрінеді. Кейбір оқушыларға: -Жемістердің ішінде не болады? -Түрлі өсімдіктердің тұқымдары мен жемістері бір-бірінен несімен ерекшеленеді? -Өсімдіктің гүлінің орнында не пайда болады? ҚБ: «Көкөністер» әдісі арқылы алынады. Сәбіз- Өсімдіктерді атап, бөліктерін салыстырып қорытынды жасай алса; Қызылша- Өсімдіктерді атап, бөліктерін салыстырып қорытынды жасауда көмек қажет етсе; Картоп- Өсімдіктерді атап, бөліктерін салыстырып қорытынды жасауда қиналса; Сергіту сәтінде сәйкес қимылдар жасайды. Жел соғады бетіме, Ағаштар тербелуде. Жел тына қалғанда, Кіп-кішкентай шыбықтар Үлкен болып өсуде. (Ж) 3-тапсырма «Ойлан, бірік, бөліс» әдісі арқылы іске асырылады. Сыныптағы бір бөлме өсімдігін алып, бөліктерін атап көрсет. Дескриптор: Бөлме өсімдігінің бөліктерін атап көрсетеді. Саралаудың «Диалог және қолдау көрсету» тәсілдері көрінеді. Кейбір оқушыларға: -Тұқым қалай өнеді? -Тұқым ылғал мақтада өсе ме? Неге? Көмек қажет ететін оқушыларға жетелеуші сұрақтар: -Бөлме өсімдіктерінің жемісін көре аламыз ба? ҚБ: «Жидектер» әдісімен алынады. Жасыл жүзім - өсімдіктерді тіршілік ортасына сай сәйкестендірсе. Қара жүзім - өсімдіктерді тіршілік ортасына сай сәйкестендіруде қиналса. Шие - өсімдіктерді тіршілік ортасына сай сәйкестендіре алмаса.</p>	
Сабақтың соңы	<p>Кері байланыс: «Жеміс себеті» әдісі арқылы жүзеге асырылады. -Бүгінгі сабақтан қандай мәлімет ала алдыңдар? -Сабақтың қай тұсы қызықты болды? Толы себет –өсімдіктердің бөліктерін ажыратып, сабақтың барлық кезеңінде белсенділік танытса. Орта себет - өсімдіктердің бөліктерін ажыратып, сабақтың кейбір кезеңінде белсенділік танытса.</p>	
Рефлексия	"Blob" ағашы	